

Ы.Алтынсарин атындағы ЖББО мектеп

ОЗЫҚ ОЙЛЫ ОҚУШЫ

САЙЫС САБАҚ

ДАЙЫНДАҒАН: КОНДУДАЕВА З.Е



МАҚСАТЫ:

Білімділік: Оқушылардың зеректік қабілетін дамытып ой өрісін кеңейту, білімге деген құштарлығын арттыру, озық ойлы оқушыны анықтау.

Дамытушылық: Оқушылардың дүниетанымын, білімге қызығушылығын және ойлау, ойды жүйелеу қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: Өз мүмкіндігін дұрыс пайдалана алатын зейінді тұлғаны тәрбиелеу.

САЙЫСТЫҢ ЖҮРУ БАРЫСЫ

I бөлім. “Сен білесің бе?”

II бөлім. “Мақалдың жалғасын тап”

III бөлім. «Күлдіргі жұмбақтар»

IV бөлім. “Кім жылдам”

V бөлім. “Кім тапқыр”

VI бөлім. “Қорытындылау”



I БӨЛІМ. СЕН БІЛЕСІҢ БЕ (СҰРАҚТАР БЕРІЛЕДІ.ӘР СҰРАҚҚА 5 ҰПАЙДАН)

3 “а” сынып.

1. Біздің облысымызды ата?
2. Жылдың неше мезгілі бар?
3. Жаз айларын ата?
4. Білім күні қай күні?
5. Зат есім дегеніміз не? Сұрақтары?
6. ҚР-ның президенті кім?
7. Суда жұбын жазбай жүретін құс?
8. Жұмадан кейінгі күн қалай аталады?
9. Биыл тәуелсіздікке неше жыл?
10. Әліппенің атасы кім?



ЖАУАПТАРЫ

1. Батыс Қазақстан облысы
2. Төрт
3. Маусым, шілде, тамыз
4. 1 қыркүйек
5. Заттың атын білдіретін сөздер.Кім?Не?
6. Н.Назарбаев
7. Аққу
8. Сенбі
9. 24 жыл
10. А.Байтұрсынов

3 “Б” СЫҢЫП

1. Ел басымыз?
2. Қазақтың ұлы ақыны?
3. Алғашқы оқулық?
4. Елтаңбаның авторы?
5. Үш биді ата?
6. 1 маусым қандай мереке?
7. ҚР-ның астанасы қай қаласы?
8. ҚР-ның тәуелсіздігі қашан жарияланды?
9. Әнұранның авторы кім?
10. Т.Әубәкіров кім?

ЖАУАПТАРЫ

1. Н.Ә.Назарбаев
2. А.Құнанбаев
3. Әліппе
4. Ш.Уәлиханов, Ж.Мәлібеков
5. Тәле, Қазыбек, Әйтеке
6. Балаларды қорғау күні
7. Астана
8. 1991 16 желтоқсан
9. Н.Назарбаев, Ж.Нәжмеденов, Ш.Қалдаяқов
10. Ғарышкер

4 “А” СЫҢЫП

1. 30 тамыз қандай мереке?
2. Тудың авторы кім?
3. ҚР-ның мемлекеттік тілі?
4. ҚР-ның тәуелсіздік күні?
5. Қазақтың ұлттық ойындарын ата?
6. Мемлекеттік туды не бейнеленген?
7. Көкжиектің тұстарын ата?
8. Астана қаласының бұрынғы атауы?
9. Ата Заң қашан қабылданды?
10. Рәміздерді ата?



ЖАУАПТАРЫ

1. Конституция күні
2. Ш. Ниязбеков
3. Қазақ тілі
4. 16 желтоқсан 1991 жылы
5. Бәйге, көкпар, алтыбақан, қыз қуу
6. Күн, қыран, ою
7. Оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс
8. Ақмола
9. 1995 жылы 30 тамыз
10. Ту, елтаңба, әнұран



II БӨЛІМ. МАҚАЛДЫҢ
ЖАЛҒАСЫН ТАП



3 “А” СЫҢЫП

- 1.Ұяда не көрсең
- 2.Ата бәйтерек
- 3.Тамшы тас жарады
- 4.Өнер алды
- 5.Денсаулық
- 6.Әдепті бала-арлы бала,
- 7.Білекті бірді жығады,
- 8.Әдептілік белгісі,
- 9.Ата көрген оқ жонар,
- 10.Анаға құрмет,



ЖАУАПТАРЫ

- 1.Ұядан не көрсең, ұшқанда соны ілесің.
- 2.Ата –бәйтерек, бала-балжапырақ.
- 3.Тамшы тас жарады, тас жармаса бас жарады.
- 4.Өнер алды қызыл тіл.
- 5.Денсаулық зор байлық.
- 6.Әдепті бала-арлы бала, әдепсіз бала сорлы бала.
- 7.Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады.
- 8.Әдептілік белгісі, иіліп сәлем бергені.
- 9.Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер.
- 10.Анаға құрмет, балаға міндет.

3 “Б” СЫҢЫП

1. Ер бір өледі,
2. Мысыққа ойын керек,
3. Мектеп-кеме,
4. Жүздің көркі-көз,
5. Көп сөз күміс,
6. Әдептілік белгісі-
7. Жақсыдан үйрен,
8. Күннің шуағы жылы-
9. Еңбектің наны тәтті,
10. Өнерлінің қолы алтын,



ЖАУАПТАРЫ

1. Ер бір өледі, қорқақ мың өледі.
2. Мысыққа ойын керек, тышқанға өмір керек.
3. Мектеп –кеме, білім-теңіз.
4. Жүздің көркі-көз, ауыз көркі сөз.
5. Көп сөз күміс, аз сөз алтын.
6. Әдептілік белгісі-иіліп сәлем бергені.
7. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.
8. Күннің шуағы жылы-ананің құшағы жылы.
9. Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті.
10. Өнерлінің қолы алтын, өлеңшенің сөзі алтын



4 “А” СЫҢЫП

- 1.Өле жегенше,
- 2.Таяқ еттен өтеді,
- 3.Жақсы сөз сүйендіреді,
- 4.Жақсы байқап сөйлер,
- 5.Ана сүті бой өсіреді,
- 6.Жақсы алданда жазыласың,
- 7.Емен ағаштың иілгені,
- 8.Жаяудың шаңы шықпас
- 9.Аттың бәрі тұлпар болмас,
- 10.Баланың ұяты әкеге,




ЖАУАПТАРЫ

- 1.Өле жегенше, бөле же.
- 2.Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді.
- 3.Жақсы сөз сүйендіреді, жаман сөз күйіндіреді.
- 4.Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер.
- 5.Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді.
- 6.Жақсы алдында жазыласың, жаман алдында тарыласың.
- 7.Емен ағаштың иілгені-сынғаны, ер жігіттің екі сөйлегені өлгені
- 8.Жаяудың шаңы шықпас, жалғыздың үні шықпас.
9. Аттың бәрі тұлпар болмас, құстың бәрі сұңқар болмас.
- 10.Баланың ұяты әкеге, қыздың ұяты шешеге.



ІІІ БӨЛІМ

Күлдіргі жұмбақтар



ЖҰМБАҚТАР

- 1.Кім барлық тілді сөйлейді?
- 2.Тышқан аулағышты бес әріппен қалай атауға болады?
- 3.Дүниедегі ең шапшаң нәрсе не?
- 4.Егер түнгі сағат 12-де жаңбыр жауса, мұнан соң 72 сағаттан кейін күн ашылып, шуақ түсе ме?
- 5.Қай кезде аспан жерден төмен тұрады?
- 6.Қандай бөшкеге су құюға болмайды?
- 7.Үш түйекұс ұшып келе жатты.Аңшы олардың бірін атып алды.Олардың қаншасы қалды?
- 8.Қосарлап жегілген үш ат бір сағаттың ішінде 12км жол жүреді.Осы уақыттың ішінде бір ат қанша жол жүреді?
- 9.Не нәрсе сенің меншігін,бірақ оны сенің өзіңнен гөрі басқалар айтады?
- 10.Тауық түс көре ме?
- 11.Аппақ қарға бола ма?
- 12.Адамның қай мүшесі қорқақ, қай мүшесі батыр?

ЖАУАПТАРЫ

1. Жаңғырық
2. Мысық
3. Ой, қиял
4. Жоқ-бұл түн мезгілі
5. Аспан суреті суға қараған кезде
6. Іші толы бөшкеге
7. Түйеқұстар ұшпайды
8. 12 км жол жүреді
9. Сенің есімің
10. Тауықтың түсіне тары кіреді
11. Қарға баласын аппағым дейді
12. Көз қорқақ, қол-батыр.



IV БӨЛІМ

Кім



тапқыр

А-қазақтың ұлы ақыны

Ә-алғашқы оқулық

Б-қазақтың батыры

В-ежелгі мемлекеттердің бірі

Г-әнұранның орысшы атауы

Ғ- Т.Әубәкіров кім?

Д- “Витамин” сөзінің аудармасы

Е-қызыл кітапқа енгізілген жануар

Е- “Шыршы” сөзінің аудармасы

Ж- Бурабайдағы көлдің ортасындағы тас

З- үлкен, дәу сөздерінің синонимі

И-тігінші құралы

Й-қоңыр түсті дәрі

К-қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі

Қ-атақты күйші

Л-ешкі төлі

М-күнге ең жақын орналасқан планета



Н- ас атасы

О-Батыс Қазақстандағы қала

Ө- тілсіз жау

П- ірі жануар

С- тілдің негізі не?

Т- үш бидің бірі

У- жыланның тілінің ұшындағы не?

Ұ- құстардың үйін не дейміз?

Ү- кіші сөзінің антонимі

Ф- Әл-Фараби кім?

Ч- Крокодил Генаның досы

Ш- тудың авторының есімі

Ы- “посуда” сөзінің аудармасы

І- қарға “қарқ” дегенде аузынан не түсіп кетті

Э- құрылыста жұмыс істейтін машина

Ю- “киіз үй” сөзінің аудармасы



ЖАУАПТАРЫ

А-Абай Құнанбаев

Ә- Әліппе

Б- Бөгенбай батыр

В- Вавилон

Г- Гимн

Ғ- ғарышкер

Д- дәрумен

Е- елік

Е-елка

Ж- жұмбақтас

З- зор

И- ине

Й- йод

К- көкпар

Қ- Құрманғазы

Л-лақ

М- Меркурий



Н- нан

О- Орал

Ө- өрт

П- піл

С- сөз

Т- Төле би

У- у

Ұ- ұя

Ү- үлкен

Ф- философ

Ч- Чебурашка

Ш- Шернияз Ниязбеков

Ы- ыдыс

І – ірімшік

Э- эксковатор

Ю- юрта



V БӨЛІМ

Кім

жылдам

1. Отбасында 4 қыз және әр қыздың бір–бірден бауыры бар. Отбасында барлығы неше бала?
2. Екі оқушы тоғызқұмалақ 4 сағат ойнайды. Әрқайсысы неше сағат ойнайды?
3. 5 жұмыртқа 4 минутта піседі, ал 10 жұмыртқа неше минутта піседі?
4. Қосарланып жегілген үш ат бір сағаттың ішінде 8 шақырым жол жүрді. Осы уақыттың ішінде бір ат қанша жол жүрген?
5. Үш түйекұс ұшып келе жатты. Аңшы олардың бірін атып алды. Олардың қаншасы қалды?
6. Ауылға бір кемпір келе жатты, оған қарсы екі кемпір шықты. Ауылға барлығы қанша адам келе жатты?
7. Егер торғайлар бұтаққа бір-бірден отырса, бір бұтақ жетпейді. Ал, екі-екіден отырса, бір бұтақ артылып қалады. Неше бұтақ, неше торғай бар?
8. Сызғыштың 4 бұрышы бар, оның бір бұрышын кесіп тастаса, неше бұрыш қалады?
9. Қолымызда 10 саусақ бар, 10 қолда неше саусақ?
10. Қандай санның жазылуында қанша әріп болса, сонша цифр бар?
11. Қайында 10 бұтақ бар. Әр бұтақта 4 алмадан. Барлығы қанша алма?
12. Су астында қандай тас жоқ?



ЖАУАПТАРЫ



1. 5 бала
2. 4 сағат
3. 4 минутта
4. 8
5. Түйекүс ұшпайды
6. 1 кемпір
7. 3 бұтақ, 4 торғай
8. 5 бұрыш
9. 50 саусақ
10. 10 және 100
11. 0
12. Құрғақ тас